

«Балбөбек » бөбекжай» КМҚК
№2 әдістемелік кеңестің
ХАТТАМАСЫ

2024 ж. «08» желтоқсан

Қатысқандар: педагогтар

Тақырыбы: Білім беру ортасында ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыпты білім кеңістігіне қосу

Күн тәртібінде:

1. Жалпы білім беру тобында ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен жұмыс
2. Білім беру ортасында ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыпты білім кеңістігіне қосу

Тыңдалды: Әдіскер Ермекбаева Г.Ж. - Инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балалар физикалық, ақыл-ой, интеллектуалды және басқа ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне кіретін оқыту мен тәрбиелеу процесі. Олар өздерінің білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, мүгедек емес құрдастарымен бірге тұрғылықты жеріндегі негізгі мектептерде оқиды. Сонымен қатар, оларға арнайы қолдау көрсетіледі. Инклюзивті білім балаларға қатысты кез-келген кемсітуді болдырмайтын идеологияға негізделген – барлық адамдарға тең қатынас қамтамасыз етіледі, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдайлар жасалады.

Тыңдалды І: Педагог-психолог Шашалова Г.Е. -Жалпы, мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауға және оларға балабақшадағы оқу үдерісінде жан-жақты көмекке көңіл бөлуді айтарлықтай күшейту қажет. Мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көресту субъектілері қызметінің мазмұны мен ұйымдастырушылық принциптерін дамыту тек біртұтас түсінік негізінде мүмкін болады.Мүмкіндігі шектеулі балалардың тобы біртекті емес. Бұл ең алдымен оның дамуында түрлі ауытқулары бар: есту, көру, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, интеллект бұзылыстары бар . Эмоционалды ерікті сфераның айқын бұзылулары бар дамудың кешігуі мен күрделі бұзылыстары бар балаларды қамтитындығын анықталады. Сонымен, мұндай балалармен жұмыс жасаудағы ең маңызды мәселе әр баланың денсаулығы мен психикасына көңіл бөлу керек.

Тыңдалды:Логопед Халиманова Ж.Ә.-Мектепке дейінгі жас — дамуында ауытқуы бар балаларды сау құрдастарының тобына біріктіру үшін қолайлы кезең. Педагогтың жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі — бейімделу кезеңінде және одан әрі мектепке дейінгі білім беру мекемесінде болу кезінде психологиялық жайлылықты құру.бейімделу кезеңінде біз ойын терапиясы

әдісін кеңінен қолданамыз. Білім беру ортасында ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыпты білім кеңістігіне қосуда ойын баланы ынталандыруға, оның сенсомоторлық дағдыларын дамытуға және эмоционалды стрессті төмендетуге көмектесетін құрал ретінде әрекет етеді. Ойындар әр баланың бір-бірімен бәсекелестік қатынастарына, ойын серіктестігінің қатынастарына емес, бәрімен қабылданатын нәрсеге үйлесімді қатысуына негізделген. Ойындар балалардың қарым-қатынас және қозғалыс қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Шешімі:

1. Жалпы білім беру процесіне ерекше білім беруге қажеттілігі бартұлғалар қосу аясында оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.
2. Баланың денсаулығын және дене күшін қолдау: бала өмірінен денсаулық сақтау түзімін ұйымдастыру, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын ұйымдастырылған іс-әректтерге қатыстыру.

Әдіскер:  Ермекбаева Г.Ж
Хатшы:  Бодаубекова Ш.А